

Азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 165 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 тамызда № 4083 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 28.01.2016 № 16 қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) 1, 2, 3, 4 қосымшаларға сәйкес айқындалсын.

2. Тізбе келісуге Көкпекті аудандық мәслихатына ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Алмагуль Жанахметовна Акимоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Сагандыков

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық мәслихат хатшысы

Р. Беспаяев

"14" 07 2015 жыл

Көкпекті ауданы әкімдігінің

**Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Шығыс Қазақстан облысы
Көкпекті ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы
үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік
қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мен басшының орынбасары, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі және күндіз келу бөлімінің меңгерушісі.

2. Мамандар (бас, аға), оның ішінде барлық мамандықтар дәрігерлері, емдеу-дене шынықтыру кабинетінің нұсқаушысы, әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші, медициналық бике, психолог, әлеуметтік жұмыс бойынша маман, жұмыспен қамту орталығы (қызметі) құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) маманы, күтім көрсету бойынша әлеуметтік қызметші, бухгалтер.

3. Педагогикалық қызметшілер және соларға теңестірілген адамдар, оның ішінде барлық мамандықтар мұғалімдері, мұғалім-дефектолог, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы, әдіскер, музыкалық жетекші, психолог мұғалімі.

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 10 07
№ 165 қаулысына № 2 қосымша

**Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Шығыс Қазақстан облысы
Көкпекті ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін
лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз
ету мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын (әкімшіліктік шаруашылық жөніндегі басшының орынбасарын қоспағанда), орталық, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, лагерь бастығы, оның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана, өндіріс, кабинет, оқу - өндірістік пункт, әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдары: барлық мамандық мұғалімдері, аға тәрбиеші, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі,

аға шебер, шебер, аға тәлімгер, оқытушы, концертмейстер, әдістемеші, көркем жетекші, музыкалық жетекші, нұсқаушы, әлеуметтік педагог, педагог–ұйымдастырушы, қосымша білім педагогы, педагог–психолог, логопед-мұғалімі, дефектолог мұғалімі, бастауыш әскери дайындықтың оқытушы–ұйымдастырушысы, аккомпаниатор, зертханашы (физика, химия, биология, информатика кабинеттері).

3. Мамандар (бас, аға) оның ішінде: кітапханашы, тәлімгер, хореограф, нұсқаушы, әдіскер, жаттықтырушы, бухгалтер.

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 10 07
№ 165 қаулысына № 3 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мәдениет саласы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорынның басшылары ("Аудандық орталық кітапхана" мемлекеттік мекемесінің, аудандық "Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның директорлары).

2. Мамандар (бас, аға) оның ішінде: клуб меңгерушісі, мәдени шараны ұйымдастырушылар, көркемдік жетекшілер, әртістер, бишілер (хореограф), музыкалық оператор, кітапханашылар, суретші, клуб жөніндегі маман, экскурсия жетекшісі, музыканттар, қоюшы-режиссер, үйірме жетекшісі, костюмер, инспектор, менеджер, бухгалтер.

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 10 07
№ 165 қаулысына № 4 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Директор;
2. Директордың орынбасары;
3. Ветеринарлық пункт меңгерушісі;
4. Мал дәрігері;
5. Мал фельдшері;

6. Бухгалтер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК